



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік  
университеті  
Стоматология факультеті

Тақырыбы: Алмалы-салымалы протездер дайындауда  
протез шегарсын анықтау

Орындаған: Тельман Е  
Қабылдаған: Ускенбаева А  
Тобы: 208с

# ЖОСПАР

## I КІРІСПЕ

## II НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1. Жартылай алмалы-салмалы протезінің анықтамасы

2. Жартылай алмалы-салмалы протездердің элементтері

3. Жартылай алмалы-салмалы протезді дайындаудың лабораториялық кезеңдері

## III ҚОРЫТЫНДЫ

## IV ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- **Алмалы-салмалы тіс протезі** – дегеніміз, тіс қатарларының ақауларын алынбайтын көпіртәрізді протезбен қалпына келтіруге болмайтын кезде қолданылатын, пластмассадан немесе темірден жасалған пластинка тәрізді базисіне әртүрлі бекіту элементтері мен жасанды тістер бекітілетін тіс протезі.

## Алмалы-салмалы тіс протездерінің құрылымын (конструкциясын) таңдау:

- тіс қатары ақауларының орны мен көлеміне;
- сақталған тістер санына;
- олардың қатты тіндері мен пародонт жағдайына;
- анатомиялық ретенция (альвеолярлы өсінділері, үстіңгі жақ сүйек дөңестері, қатты таңдай күмбезі) элементтерінің сақталуына;
- және тістем түріне байланысты болады.



# *Жартылай алмалы-салмалы протездің элементтері:*

- протез негізі (протез базисі);
- протезді ұстап тұратын тетіктер;
- жасанды тістер.



## Протез негізі

- Протез негізі (базис) - протезді бекітуге арналған тетіктер мен жасанды тістер бекітілетін, протез алаңының бедерін қайталайтын пластмассадаң немесе металдаң жасалған пластинка.

## Протез шекаралары

- **Жоғарғы жақ сүйекте** протез негізінің шекарасы тіссіз альвеолярлы өсіндінің ұрт пен ерін жағынан, олардың ерін тартпаларын айналып, өтпелі қатпар бойымен өтеді. Протездің жақсы ұсталып тұруы үшін, жоғарғы жақ сүйек төмпешіктері міндетті түрде негізбен жабылады. Алдыңғы тістер аумағында протез шеті олардың мойындарының үстінен өтеді. Премолярлар мен молярлар аумағында шекара тіс экваторынан төмен орналасады.



- **Төменгі жақ сүйекте** протез шекарасы ұрт тартпаларын, ерін мен тіл үзеңгілерін айналып өтіп, тіссіз альвеолярлы өсіндінің аумағында өту қатпары бойымен өтеді. Алдыңғы табиғи тістер аумағында тістердің тіл төмпешіктерін жауып тұрады, ал бүйір тістер аумағында шекара тіс экваторынан біршама жоғары өтеді.

## Жасанды тістер

- Жартылай алмалы-салмалы протездерде пластмассадан немесе фарфордан жасалған жасанды тістер пайдаланылады.
- Пластмассалы тістер кең қолданыста. Сыртқы пішіні бойынша олар табиғи тістерге ұқсас, мықтылығы жеткілікті, протез негізінде жақсы тұрады, өйткені негізбен тістер біртекті материалдар.
- Зауытта жасанды пластмассалы тістерді ыстық престоу әдісімен даярлайды.

## Жасанды тістерге қойылатын жалпы талаптар:

- қажалуға қарсы мықты;
- беріктігі жоғары;
- ауыздағы сілекейге тұрақты;
- құрамында улы заттар болмауы керек;
- протез негізіне мықты бекітілуі керек;
- тіс пішіні тамақтың механикалық шайналуын қамтамасыз етуі керек;
- тіс материалының көлемдік термиялық кеңеюі, негізгі материалдың термиялық кеңеюіне өте жақын болуы керек;
- пішіні, түсі бойынша, табиғи тістерге сәйкес болуы керек;
- тіс ақаусыз, оңай өңделетін болуы керек;
- тістердің түстері ұзақ сақталуы керек

# •Кемшіліктері

- Жалпақ протез негізі тандайдың қатты және жұмсақ бөлімдерін жауып, тактильдік, дәмдік және температуралық сезімталдықтың төмендеуіне себеп болады.
- шырышты қабаттың өзін-өзін тазалауы бұзылады,
  - кей кездері құсу рефлексі пайда болуы мүмкін,
  - Көп уақыт пайдалануға шыдамайды.